

Алматы қаласының өртке қарсы қызметін нығайту және өркендету бойынша қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 18 ақпандағы N 189 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 21 тамызда N 172 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 4/978 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 02.12.2004 N 4/978 қаулысымен.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан Алматы қаласының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы өте нашар халде.

1998 жылдың өзінде қалада 1453 өрт болып, одан 64 млн. теңге зиян шегілді, 42 адам қаза тапты. Соның салдарынан қаланың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі құлдырап, өртке байланысты белгілі мөлшерде ресурстық зардап көріп отырмыз.

Қала шекарасының кеңеюі, өнеркәсіптік, ғылыми және мәдени, тұрғын үй қорының өсуі жағдайында өрт санын барынша қысқарту, оның дер кезінде алдын-алу мәселесі сондай-ақ, бұл саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру тым күрделене түсуде.

Осыған байланысты қала бюджеті мен кәсіпорындардың қаражатын тиімді пайдалану қажеттігі туындайды, өйткені тұрғындарды тілсіз жаудан сенімді қорғау, материалдық және мәдени байлықтарды сақтау үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметтің күшін қалыптастырумен, басқарма органдарының құрылымын жетілдіру аса қажет.

Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы", "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы"; Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, "Кәсіпорындар туралы", "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Заңды және ҚР Азаматтық Кодексін басшылыққа ала отырып, Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарға өз қаржысы мен жұмыс істейтін бұрыннан бар салалық, өртке қарсы қызметті қалпына келтіруге міндеттелсін;

2. Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі базасында "N№1 Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің отряды" құрылсын, оның жеке

есеп-шоты болсын, шарт негізінде барлық меншік түрінің объектілерінің өрттен қорғау үшін, қалалық бюджет есебінен күзетілетін объектілерден басқалары.

3. Қалалық бюджет есебінен Алматы қаласы өртке қарсы қызметі өрт сөндіруді жүзеге асыратын объектілер санаты бекітілсін (N 1 Қосымша).

4. Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бастығы (С.Д. Кребаев) 1 наурызға дейін "N 1 Алматы қаласы мемлекеттік өртке қарсы қызметінің отряды" Қазыналық кәсіпорнының құжаттарын қарап шықсын және Алматы қалалық Әділет басқармасына тіркеуге берсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцка жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

В. Храпунов

Алматы қаласы Әкімінің

1999 ж. 18 ақпандағы

N 189 шешіміне

N 1 қосымша

Алматы қаласының Мемлекеттік өрт қызметінің өртті сөндіруді қалалық бюджет есебінен жүзеге асырылатын объектілердің Категориясы:

1. Жекеменшік формасына қарамастан тұрғын жайлар;
2. Муниципалды меншік объектілері;
3. Прокуратура мен халық соттарының кеңселері;
4. Қалалық аудандық ішкі істерінің, қабылдау-бөлу өкілеттіктерінің кеңселері , тергеу изоляторлары және келісім-шарт бойынша ұсталатын шаруашылық объектілерінің кеңселері кірмейді;
5. Төтенше жағдайлар бойынша комитет объектілері;
6. Балалар үйі, қарттар үйі, психоневрология, онкология, туберкулез стационарлары және байқау-анықтау орталықтары;
7. Мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу және емдеу, білім және мәдениет мекемелері, бұған жалға берілген шаруашылық субъектілері кірмейді;
8. Мемлекеттік дәрежедегі сәулет және тарихи ескерткіштер.

Ескерту: Қаланың бюджет есебінен өрт сөндіру жүзеге асырылатын бұл объект категорияларына тиісті құрылым ұсынысымен ғана (Қ.Ө.Қ. келісілген жағдайда) өзгерістер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін.

Алқа хатшысы

К. Тажиева